



Қазақстан Республикасы
Парламентінің
ЖАРШЫСЫ
1

Қазақстан Республикасы
Парламентінің
басылымы
АЛМАТЫ · 1996

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІНІҢ



ЖАРШЫСЫ

1938 жылғы 20 қарашадан
шыға бастады

№ 1 (2218)
1996 жылғы 26 қаңтар

МАЗМҰНЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҚТАРЫ

Заң күші бар

175. «Қазақстан Республикасының жергілікті өкілді және атқарушы органдары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерту енгізу туралы.
176. Әлеуметтік мемлекеттік кепілдіктерді реттеу жөніндегі шаралар туралы.
177. Қазақ КСР-інің Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексіне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы.
178. Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандары туралы.
179. Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы.
180. Қазақстан Республикасының кейбір Заң актілері мен Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлықтарына өзгерту және толықтырулар енгізу туралы.
181. «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ

ЖАРЛЫҒЫ

Заң күші бар

175 «Қазақстан Республикасының жергілікті өкілді және атқарушы органдары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерту енгізу туралы

«Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы» 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабына сәйкес қаулы етемін:

1. «Қазақстан Республикасының жергілікті өкілді және атқарушы органдары туралы» 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., № 23—24, 516-құжат; 1995 ж., № 7, 48-құжат) 40-бабы 2-тармағының «а» тармақшасындағы төртінші абзац алынып тасталсын.

2. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Н. НАЗАРБАЕВ

Алматы, 1996 жылғы 3 қаңтар.
№ 2740

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ

ЖАРЛЫҒЫ

З а н к ү ш і б а р

176 Әлеуметтік мемлекеттік кепілдіктерді реттеу жөніндегі шаралар туралы

«Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы» 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабына сәйкес қаулы етемін:

I. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

«Қазақ ССР-інде азаматтарды пенсиямен қамсыздандыру туралы» 1991 жылғы 17 маусымдағы Қазақ ССР Заңының 17-бабы (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1991 ж., № 25, 328-құжат);

«Қазақстан Республикасына сіңірген ерекше еңбегі үшін берілетін зейнетақылар туралы ережені бекіту туралы» 1992 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің қаулысы (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., № 5, 109-құжат; 1993 ж., № 8, 159-құжат; 1994 ж., № 16—17, 217-құжат).

II. Қазақстан Республикасына сіңірген ерекше еңбегі үшін зейнетақы алатын адамдарға, белгіленген тәртіппен оларды кейінірек көбейте отырып, бұрын тағайындалған зейнетақыларын төлеу сақталсын, сондай-ақ мынадай жеңілдіктер көзделсін:

1) өздері бекітілген емханалар дәрігерлерінің рецептері бойынша, олардың құнының 20 процентін төлей отырып, дәрі-дәрмекті бірінші кезекте сатып алу;

2) пәтеракыны және жылуды, суды, канализацияны, газ бен электр қуатын пайдаланғаны үшін белгіленген төлемді, сондай-ақ орталықтаандырылған жылу жүргізілмеген үйлерде тұратындарға — тұрғындарға сату үшін белгіленген нормалар шегінде сатып алынған отынның құнын 50 проценттік жеңілдікпен төлеу;

3) емдеу мекемесінің қорытындысына сәйкес санаторий немесе демалыс үйіне (Қазақстан Республикасының шегінде), жолдама берілген күнгі оның құнының 50 процентін төлей отырып, жыл сайын жолдама алып отыру;

4) Қазақстан Республикасының шегінде теміржол көлігімен немесе су, әуе, автомобиль көлігімен жылына бір рет (бару және қайту) тегін жол жүру.

III. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерін осы Жарлыққа сәйкес келтірсін;

Қазақстан Республикасы министрліктерінің, мемлекеттік комитеттерінің, өзге де орталық атқарушы органдарының өздерінің осы Жарлыққа қайшы келетін нормативтік актілері мен нұсқаулықтарын қайта қарап, күшін жоюын қамтамасыз етсін.

IV. - Осы Жарлық 1996 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Н. НАЗАРБАЕВ

Алматы, 1996 жылғы 23 қаңтар.
№ 2788

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ

ЖАРЛЫҒЫ

Заң күші бар

177 Қазақ КСР-інің Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексіне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы

«Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы» 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабына және «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Заң күші бар № 2707 Жарлығының 22-бабының 2-тармағына сәйкес қаулы етемін:

1. 1984 жылғы 22 наурызда Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі қабылдаған Қазақ ССР-інің Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексіне (Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің Ведомостары, 1984 ж., № 14, қосымша; № 41, 534-құжат; 1986 ж., № 25, 242-құжат; 1987 ж., № 16, 201-құжат; № 29, 356-құжат; 1989 ж., № 27, 208-құжат; № 49, 444-құжат; 1990 ж., № 12—13, 114-құжат; № 44, 410-құжат; № 49, 461-құжат; 1991 ж., № 25, 318-құжат; Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., № 15, 380-құжат, 1993 ж., № 4, 70-құжат, № 20, 468-құжат) мынадай өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 217-баптың екінші бөлігінің 1-тармағы мынадай мазмұндағы жетінші абзацпен толықтырылсын:

осы Кодекстің 113-бабының бірінші, екінші, төртінші және бесінші бөліктерімен, 114, 114—1, 115 (осы баптың бірінші, үшінші және төртінші бөліктерімен көзделген, Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігіне бағынысты емес аэродромдарда немесе осындай аэродромдар төңірегінде жасалған құқық бұзушылықтарды қоспағанда) баптарда, 118—1, 120, 121—2 (теміржол көлігінде құқық бұзушылық жасағаны үшін), 123, 124, 125, 126-баптарымен, 130-бабының бірінші және екінші бөліктерімен, 131-бабымен, 134-бабының бірінші және төртінші бөліктерімен, 135-бабымен, 136-бабының екінші және төртінші бөліктерімен, 137-бабының екінші және үшінші бөліктерімен, 138-бабымен (автомобиль көлігіндегі құқық бұзушылықты қоспағанда), 139, 140-баптарымен, 142-бабының бірінші бөлігімен, 145—1, 174, 175, 178, 180, 180—2, 200-баптарымен көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін, бұған қоса — аумақтық және желілік ішкі істер бөлімшелерінің, желілік милиция пункттерінің бастықтары, ішкі істер органдарының учаскелік уәкілдері — ескерту жасайды немесе айыппұл салады. Желілік милиция пунктінің бастығы, ішкі істер органдарының учаскелік уәкілдері салатын айыппұлдың мөлшері «1996 жылға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Заң күші бар № 2700 Жарлығының 12-бабымен белгіленген есептік көрсеткіштен аспауға тиіс.

2. Мыналар:

1) 217-баптың екінші бөлігінің 1-тармағының екінші абзацындағы «Желілік милиция пункттерінің бастықтары», «желілік милиция пунктінің бастығы салатын айыппұлдың мөлшері жиырма сомнан аспауы керек» сөздері;

2) 217-баптың екінші бөлігінің 1-тармағының төртінші абзацындағы «сондай-ақ — ішкі істер органдары жүйесіндегі милиция бөлімшелерінің бастықтары» сөздері алынып тасталсын.

3. 217-баптың 3-тармағындағы «жол-күзет қызметі бөлімшелерінің командирлері» және «жол-күзет қызметінің инспекторлары» сөздері «жол милициясы бөлімшелерінің командирлері» және «жол милициясының инспекторлары» сөздерімен алмастырылсын.

II. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Н. НАЗАРБАЕВ

Алматы, 1996 жылғы 23 қаңтар.
№ 2790

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ

ЖАРЛЫҒЫ

Конституциялық Заң күші бар

178 Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандары туралы

«Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы» 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабына сәйкес және Қазақстан Республикасы Конституциясының 9-бабын іске асыру мақсатында осы Жарлықты шығарамын.

I Тарау

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандары:

- 1) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы;
- 2) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы;
- 3) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік гимні болып табылады.

2-бап. Мыналар бекітілсін:

- 1) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік туының бейнесі (сызба және түрлі-түсті бейнелері қоса беріледі).
- 2) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік елтаңбасының бейнесі (ақ-қара және түрлі-түсті бейнелері қоса беріледі).
- 3) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік гимнінің музыкалық редакциясы мен мәтіні (қоса беріледі).

3-бап. Қазақстан Республикасының азаматтары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында жүрген адамдар Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы мен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік гимнін қастерлеуге міндетті.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы мен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік гимнін қорлауға кінәлі адамдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ТУЫ

4-бап. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы — ортасында шұғылалы күн, оның астында қалықтап ұшқан қыран бейнеленген тік бұрышты көгілдір түсті мата. Туды сабының тұсында ұлттық өрнек нақышталған тік жолақ көктеп өтеді. Күн, шұғыла, қыран және өрнек бейнесі алтын түстес. Тудың ені мен ұзындығының қатынасы — 1 : 2.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы мен оның бейнесі, көлемдеріне қарамастан, Қазақстан Республикасы Президентінің Резиденциясында сақтаулы тұрған Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы эталонының түрлі-түсті және сызба бейнелеріне дәлме-дәл сәйкес келуге тиіс.

5-бап. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы мынадай жерлерде тігіледі немесе орнатылады:

1) Қазақстан Республикасы Президенті Резиденциясының, Қазақстан Республикасы Парламентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы министрліктерінің, мемлекеттік комитеттері мен өзге де орталық атқарушы органдарының, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының және басқа да соттарының, Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасының, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының, мәслихаттарының, жергілікті атқарушы органдарының ғимараттарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының дипломатиялық және сауда өкілдіктерінің, консулдық мекемелерінің ғимараттарында — ұдайы;

2) Қазақстан Республикасы Президентінің кабинетінде, Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты мен Мәжілісінің сессия (бірлескен және бөлек) отырыстары, Қазақстан Республикасы Парламентінің Палаталары Бюроларының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің отырыстары, Қазақстан Республикасы мәслихаттарының сессиялары өтетін залдарда, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің отырыс залында, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының, оның алқаларымен басқа да соттарының сот мәжілісі залдарында, сондай-ақ дүниеге келген нәрестелерді және некені салтанатты түрде тіркейтін орынжайларда — ұдайы;

3) егер бұл халықаралық құқық нормалары мен Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында көзделген болса, Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Парламентінің Палаталары төрағаларының, Қазақстан Респуб-

ликасы Премьер-Министрінің және олардың өкілетті өкілдерінің қатысуымен халықаралық форумдар өтетін ғимараттарда немесе орын-жайларда;

4) ресми адамдар ретінде Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталарының төрағалары, Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі мінген теңіз кемелерінде, ішкі жүзу кемелерінде және басқа да қатынас құралдарында;

5) белгіленген тәртіппен тіркелген кемелердің бұлқынындағы ту ретінде;

6) Қазақстан Республикасының әскери корабльдері мен кемелерінде — әскери жарғыларға сәйкес;

7) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, Республикалық ұланының әскери құрамалары мен бөлімшелерінде — ант қабылдау кезінде;

8) мемлекеттік органдар мен ұйымдардың ғимараттарында Қазақстан Республикасының Ұлттық мерекесі күні және мереке күндері.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туының бейнесі Қазақстан Республикасының әуе кемелерінде орнатылады.

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туының өзге де реттерде міндетті түрде тігілуі немесе орнатылуы көзделуі мүмкін.

6-бап. Ұлттық азаға байланысты Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы тұғырдың биіктігінің жарты деңгейіне ұлттық аза тұту мерзімі бойына төмен түсіріледі.

III Тарау

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ЕЛТАҢБАСЫ

7-бап. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасында көгілдір түс аясында шаңырақ (киіз үйдің жоғарғы күмбез тәрізді бөлігі) бейнеленген, шаңырақты айнала күн сәулесіндей тарап уықтар шаншылған, оны аңыздардағы пырақтар қанаты көмкеріп тұр. Елтаңбаның төменгі жағында «Қазақстан» деген жазу бар.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасының түрлі-түсті бейнесі екі түрлі: алтын және көгілдір-көк түсті болады.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасының көшірме бейнесі, көлеміне қарамастан, Қазақстан Республикасы Президентінің Резиденциясында сақтаулы тұрған Қазақстан Рес-

публикасының Мемлекеттік елтаңбасы эталонының түрлі-түсті немесе ақ-қара бейнесіне дәлме-дәл сәйкес келуге тиіс.

8-бап. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасының бейнесі:

1) Қазақстан Республикасы Президенті Резиденциясының, Қазақстан Республикасы Парламентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы министрліктерінің, мемлекеттік комитеттері мен өзге де орталық атқарушы органдарының, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есең беретін мемлекеттік органдардың ғимараттарында, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің, Жоғарғы Соты мен басқа да соттарының, Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасының ғимараттарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері мен Республикалық ұланының құрамалары мен бөлімдерінің штабтарының, Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық мекемелерінің ғимараттарында;

2) Қазақстан Республикасы Президентінің кабинетінде, Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталарының сессия (бірілескен және бөлек) отырыстары, Қазақстан Республикасы Парламентінің Палаталары Бюроларының, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен оның Төралқасының отырыстары, Қазақстан Республикасы жергілікті атқарушы органдарының сессиялары өткізілетін залдарда, Конституциялық Кеңестің отырыс залында, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының, оның алқалары мен басқа да соттарының сот отырысы залдарында, дүниеге келген нәрестелерді және некені салтанатты түрде тіркеу орындарында, Қазақстан Республикасының мемлекеттік және үкімет наградалары тапсырылатын орын-жайларда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының шетелдегі дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық мекемелерінің қабылдау залдарында;

3) Қазақстан Республикасының Президенті мен оның Әкімшілігінің, Қазақстан Республикасы Парламентінің, оның Палаталары мен олардың аппараттарының, Қазақстан Республикасы Парламентінің Палаталары Бюроларының, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен оның Аппаратының, Қазақстан Республикасы министрліктерінің, мемлекеттік комитеттері мен өзге де атқарушы органдарының, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есең беретін мемлекеттік органдардың, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің, Жоғарғы Соты мен басқа да соттарының, Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасының, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері мен Республикалық ұланының әскер құрамалары мен бөлімдерінің, мәслихаттардың, жергілікті атқарушы органдардың, Қа-

зақстан Республикасының заңдарымен мөрлерінде және құжаттарының бланкілеріне елтаңбаның бейнесін орналастыру құқығы берілген мемлекеттік куәландыру кеңселерінің мөрлерінде және құжаттарының бланкілерінде;

4) Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасының Парламенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі мен Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының ресми басылымдарында;

5) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің банкноттары мен тиын ақшаларында, Қазақстан Республикасының мемлекеттік ақшалай-заттай лотерея билеттерінде;

6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі мен төлқұжатында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтарына берілетін басқа да төлқұжаттарда;

7) Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасына орнатылатын шекара бағаналарында орналастырылады.

Қазақстан Республикасының заңдарымен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнесінің көшірмесін орналастырудың басқа да реттері көзделуі мүмкін.

IV Тарау

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ГИМНІ

9-бап. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік гимні:

1) Қазақстан Республикасы Парламентінің сессияларын ашу және жабу кезінде;

2) Қазақстан Республикасының Ұлттық мерекесі мен Қазақстан Республикасында аталып өтетін мерекелік күндерге арналған салтанатты жиналыстар мен отырыстарды ашу және жабу кезінде;

3) қазақ мемлекеттік теледидары мен радиохабары беретін хабарларда — Жаңа жыл түні 24.00 сағатта; Қазақ мемлекеттік теледидары хабарларында — Қазақстан Республикасының Ұлттық мерекесі күнгі бағдарламасының басында — 25 қазанда, мереке күндері — 1, 2-қаңтарда, 8-наурызда, 22-наурызда, 1-мамырда, 9-мамырда, 30-тамызда, 16-желтоқсанда; қазақ мемлекеттік радиохабары беретін хабарларда — күн сайын республикалық бағдарламаның басталуы мен аяқталуы кезінде;

4) Қазақстан Республикасы халқының өміріндегі аса маңызды тарихи оқиғаларды атап өту құрметіне ескерткіштер, монументтер, құлпытастар мен өзге де құрылыстарды ашу кезінде;

5) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктері мен өзге де ұйымдары өткізетін дәстүрлі рәсімдер, салтанатты іс-шаралар кезінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы көтерілген кезде;

6) Қазақстан Республикасына ресми сапармен келген шет мемлекеттердің мемлекет басшыларын, парламенттері мен үкіметтерінің басшыларын қарсы алу және шығарып салу кезінде — тиісті шет мемлекеттің Мемлекеттік гимні орындалғаннан кейін;

7) жоғары, орта арнаулы оқу орындарында, жалпы білім беретін орта мектептерде — жаңа оқу жылының басталуы мен оқу жылының аяқталуына арналған рәсімдер, сондай-ақ өзге де салтанатты іс-шаралар кезінде орындалады.

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен Қазақстан Республикасы Мемлекеттік гимнінің міндетті түрде орындалуының басқа да реттері белгіленуі мүмкін.

10-бап. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік гимнін оркестр, хор, хор-оркестр не өзге де әншілер мен сазды аспаптар орындай алады. Бұл ретте дыбыс жазу құралдары қолданылуы мүмкін.

Әншілер мен әншілер-сазды аспаптар орындаған жағдайда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік гимні толық орындалады, ал сазды аспаптар орындаған жағдайда Гимнді ішінара орындауға жол беріледі — оның әуені мен қайырмасы бір дүркін орындалады.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік гимні оның мәтінімен және музыкалық редакциясымен дәлме-дәл сәйкестікте орындалуға тиіс.

11-бап. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік гимні көпшілік алдында орындалған кезде қатысушылар Гимнді тұрып тындайды.

Қазақстан Республикасының органдары мен ұйымдары шет мемлекеттер аумағында іс-шаралар өткізген кезде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік гимні Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі белгілеген ережелерге сәйкес, олар болған елдің қалыпты практикасы мен жергілікті әдет-ғұрыптары ескеріле отырып орындалады.

12-бап. Мемлекеттік нышандардың осы Жарлықпен реттелмеген бөлігінде әскери бөлімдерде, әскери корабльдер мен кемелерде, ұлттық қауіпсіздік органдары мен құқық қорғау органдарында, сондай-ақ спорт жарыстары өткізілген кезде қолданылу тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленеді.

13-бап. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік гимнін дәлме-дәл орындауды бақылау Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, сондай-ақ ұйымдарының басшыларына жүктеледі.

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

14-бап. Қазақстан Республикасының Үкіметіне, Қазақстан Республикасы облыстарының, республикалық маңызы бар қалалары мен астанасының әкімдері тұрақты түрде Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандарын насихаттау, азаматтардың бойында Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандарына құрмет сезімін қалыптастыру жөнінде шаралар кешенін әзірлеп, іске асырсын.

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

- 1) өзінің актілерін осы Жарлыққа сәйкес келтірсін;
- 2) осы Жарлықтан туындайтын өзге де шараларды қолданысын.

15-бап. Қазақстан Республикасының мынадай заңдарының күші жойылған деп танылсын:

1) «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауы туралы» 1992 жылғы 4 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., № 10, 260-құжат);

2) «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы туралы» 1992 жылғы 4 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., № 10, 262-құжат);

3) «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік гимнінің музыкалық редакциясы туралы» 1992 жылғы 4 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., № 10, 264-құжат);

4) «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік гимнінің мәтіні туралы» 1992 жылғы 11 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., № 23, 554-құжат);

5) «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік гимні туралы» 1992 жылғы 11 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., № 23, 555-құжат);

6) «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауы туралы» Қазақстан Республикасының Заңын күшіне енгізу туралы» 1992 жылғы 4 маусымдағы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің қаулысы (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., № 10, 261-құжат);

7) «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңын күшіне енгізу туралы» 1992 жылғы 4 маусымдағы Қазақстан Республикасы Жоғар-

ғы Кеңесінің қаулысы (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., № 10, 263-құжат);

8) «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік гимні туралы» Қазақстан Республикасының Заңы күшіне енгізу туралы» 1992 жылғы 11 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің қаулысы (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., № 23, 556-құжат).

16-бап. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Н. НАЗАРБАЕВ

Алматы, 1996 жылғы 24 қаңтар.
№ 2797

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ

ЖАРЛЫҒЫ

З а н к ү ш і б а р

179 Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы

«Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы» 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабына сәйкес осы Жарлықты шығарамын.

I Тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1 - б а п. Осы Жарлықпен реттелетін қатынастар

Осы Жарлық Қазақстан Республикасында арнайы экономикалық аймақтарды ұйымдастырудың жалпы құқықтық негіздерін белгілейді, арнайы экономикалық аймақ органдарының Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару органдарымен, сондай-ақ оның аумағында қызметін жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъектілермен өзара қарым-қатынастарын реттейді.

2 - б а п. Арнайы экономикалық аймақ ұғымы

Арнайы экономикалық аймақ — ерекше құқықтық режим қолданылатын Қазақстан Республикасының шектеулі аумағын білдіреді.

3 - б а п. Арнайы экономикалық аймақтарды құрудың мақсаты

Арнайы экономикалық аймақтар республика экономикасының әлемдік шаруашылық байланыстар жүйесіне енуін жандандыру, экспортқа бағдарланған жоғары тиімді өндірістер құру, өнімдердің жаңа түрлерін шығаруды игеру, инвестициялар тарту, нарықтық қатынастардың құқықтық нормаларын пысықтау, басқару мен шаруашылық жүргізудің осы заманғы әдістерін енгізу, сондай-ақ әлеуметтік проблемаларды шешу үшін аймақтарды жеделдете дамыту мақсатында құрылады.

4 - б а п. Арнайы экономикалық аймақтар туралы заңдар

1. Арнайы экономикалық аймақтардың қызметі Қазақстан Республикасының Конституциясымен, осы Жарлықпен және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарымен реттеледі.

2. Егер Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шартпен арнайы экономикалық аймақтар туралы заңдардағыдан өзге ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

5 - б а п. Арнайы экономикалық аймақтарды құру тәртібі

1. Арнайы экономикалық аймақ Қазақстан Республикасының жергілікті өкілді және атқарушы органдардың ұсынысына негізделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің ұсынымы бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен белгілі бір мерзімге құрылады.

Арнайы экономикалық аймақ туралы ереже арнайы экономикалық аймақты құру туралы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітіледі.

2. Арнайы экономикалық аймақты құру туралы ұсыныстарды қарау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметіне тұжырымдама мен техникалық-экономикалық негіздеме табыс етіледі.

6 - б а п. Арнайы экономикалық аймақ аумағында шаруашылық жүргізуші субъектілер құқықтарының кепілдіктері

Арнайы экономикалық аймақтың құқықтық режимі өзгерген немесе ол мерзімінен бұрын таратылған жағдайда, оның аумағының шекарасы өзгеруін қоса алғанда, оның аумағында инвестициялық қызметті жүзеге асырушы шаруашылық жүргізуші субъектілерінің құқықтары қамтамасыз етіледі.

ектілерге инвестицияларды салу сәтіне сәйкес келетін шарттармен арнайы экономикалық аймақ құрылған мерзім аяқталғанға дейін, бірақ он жылдан асырмай осындай қызметті жалғастыруға кепілдік беріледі. Мерзім арнайы экономикалық аймақтағы құқықтық режим жойылған немесе өзгертілген күннен бастап есептеледі.

II Тарау. АРНАЙЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АЙМАҚТЫ БАСҚАРУ

7 - б а п. Басқарудың жалпы принциптері

1. Арнайы экономикалық аймақтың аумағында басқару функцияларын Төраға басқаратын Арнайы экономикалық аймақтың әкімшілік кеңесі жүзеге асырады. Әкімшілік кеңесті құру және оның қызметінің тәртібі Арнайы экономикалық аймақ туралы ережемен айқындалады.

2. Арнайы экономикалық аймақтың әкімшілік кеңесінің Төрағасын, арнайы экономикалық аймақ шекарасы әкімшілік-аумақтық бірліктің шекарасымен тұспа-тұс келуінен басқа жағдайларда, Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

Арнайы экономикалық аймақ шекарасы әкімшілік-аумақтық бірліктің (қала, аудан, қала ішіндегі аудан) шекарасымен тұспа-тұс келген жағдайда тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің әкімі сонымен бірге Арнайы экономикалық аймақтың әкімшілік кеңесінің Төрағасы болып табылады.

3. Арнайы экономикалық аймақтың, әкімшілік кеңесі заңды тұлға болып табылады.

4. Арнайы экономикалық аймақтың шекарасы әкімшілік-аумақтық бірліктің шекарасымен тұспа-тұс келген жағдайда Арнайы экономикалық аймақтың әкімшілік кеңесі сонымен бірге әкімшілік-аумақтық бірліктің атқарушы органы болып табылады.

8 - б а п. Арнайы экономикалық аймақ әкімшілік кеңесінің өкілеттіктері

1. Арнайы экономикалық аймақтың әкімшілік кеңесі:

1) арнайы экономикалық аймақты дамытудың бағдарламаларын әзірлейді және жүзеге асырады;

2) арнайы экономикалық аймақтың қаржы қорын (бюджетін) құрайды, қаржы қорының (бюджеттің) қаражатын пайдалану бағыттарын айқындайды;

3) отандық және шетелдік инвестициялар мен кредит қаражатын тартуды жүзеге асырады;

4) арнайы экономикалық аймақта қызметін жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъектілердің мемлекеттік органдармен өзара қарым-қатынасын реттеуге жәрдемдеседі;

5) Қазақстан Республикасының Үкіметіне арнайы экономикалық аймақтың құқықтық режимін өзгерту туралы ұсыныстар енгізеді;

6) арнайы экономикалық аймақтың аумағынан тыс жерлерде Әкімшілік кеңестің өкілдіктерін ашу туралы шешім қабылдайды;

7) арнайы экономикалық аймақтың аумағында қызметін жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъектілерді есепке алып тіркеуді жүргізеді;

8) мемлекеттік органдарда арнайы экономикалық аймақтың мүдделерін білдіреді;

9) осы Жарлықпен және Қазақстан Республикасының өзге заңдарында көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

2. Арнайы экономикалық аймақ әкімшілік кеңесінің өз құзыреті шегінде қабылдаған шешімдері оның аумағындағы барлық заңды және жеке тұлғалардың орындауы үшін міндетті.

III Тарау. АРНАЙЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АЙМАҚТЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕЖИМІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

9 - б а п. Қаржысы

1. Арнайы экономикалық аймақтың әкімшілік кеңесі қаржы қорын (арнайы экономикалық аймақтың шекарасы әкімшілік-аумақтық бірліктің шекарасымен тұспа-тұс келген жағдайда — бір мезетте әкімшілік-аумақтық бірліктің де бюджеті болып табылатын бюджетті) салықтардың, алымдардың және арнайы экономикалық аймақтың аумағында тіркелген заңды және жеке тұлғалардың басқа да міндетті төлемдерінің есебінен құрайды.

Қолданылып жүрген заңдарда көзделген арнайы қорларға төлемдер арнайы экономикалық аймақтың қаржы қорын (бюджетін) құрау көздері бола алмайды.

2. Қаржы қорын (бюджетті) құраудың тәртібі Арнайы экономикалық аймақ туралы ережемен айқындалады.

3. Арнайы экономикалық аймақтың қаржы қорының (бюджетінің) жоғары тұрған бюджетпен өзара қарым-қатынасы Арнайы экономикалық аймақ туралы ережеде белгіленген және кезекті жылға арналған тиісті жергілікті бюджетте ескерілген арнайы экономикалық аймақтың қаржы қорына (бюджетіне) түсетін кірістердің жалпы сомасынан жасалатын аударымдардың ұзақ мерзімді тұрақты нормативі арқылы айқындалады.

4. Арнайы экономикалық аймақтың әкімшілік кеңесі мақсатты қаржылық қорларды, соның ішінде арнайы экономикалық ай-

мақты экономикалық және әлеуметтік дамыту қорын құра алады, сондай-ақ бос бюджет қаражаты, аударым акша мен салықтық емес сипаттағы алымдар есебінен оларды қалыптастырудың көздерін айқындайды.

10 - б а п. Банк қызметі

Арнайы экономикалық аймақ аумағында банк қызметі Қазақстан Республикасының банк заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

11 - б а п. Салық салу

1. Арнайы экономикалық аймақтың аумағында салық салу Қазақстан Республикасының салық заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Арнайы экономикалық аймақтың аумағында тіркелген шаруашылық жүргізуші субъектілерге Қазақстан Республикасының салық заңдарына сәйкес салық салудың жеңілдікті режимі қолданылады.

12 - б а п. Кедендік реттеу

Арнайы экономикалық аймақтың аумағы Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тыс орналасқан болып қарастырылады, онда еркін кеден аймағы режимі қолданылады.

13 - б а п. Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу тәртібі

Арнайы экономикалық аймақтың аумағында құрылатын заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу, сондай-ақ заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдерін есепке алып, тіркеуді Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің уәкілді органы тікелей арнайы экономикалық аймақ аумағында жүргізеді.

14 - б а п. Лицензиялау

Арнайы экономикалық аймақтың аумағында шаруашылық жүргізуші субъектілер жүзеге асыратын қызметті лицензиялау Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жүргізіледі.

15 - б а п. Шетел азаматтарының арнайы экономикалық аймақта болу тәртібі

1. Арнайы экономикалық аймақтың аумағында Қазақстан Республикасының заңдарымен және Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық келісімдермен белгіленген шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдардың, сондай-ақ олардың көлік құралдарының келу, кету, транзитпен өтуі және болу тәртібі қолданылады.

2. Арнайы экономикалық аймақтың аумағында шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдардың, сондай-ақ олардың көлік құралдарының келуі, кетуі, транзитпен өтуі мен болуын рәсімдеу жөніндегі функцияны орындау үшін орталық атқарушы органдар арнайы экономикалық аймақтың аумағында тиісті мемлекеттік органдардың жеке бөлімшелерін құрады.

IV. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

16 - бап. Арнайы экономикалық аймақтың шарттарын өзгерту және оны тарату

1. Арнайы экономикалық аймақ туралы ережеде белгіленген шарттар Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен өзгертілуі мүмкін.

2. Арнайы экономикалық аймақ өзі арнап құрылған мерзім аяқталған соң таратылады.

3. Арнайы экономикалық аймақты құрудың мақсатына қол жеткізу мүмкін болмаған жағдайда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен арнайы экономикалық аймақ мерзімінен бұрын таратылуы мүмкін.

4. Арнайы экономикалық аймақты тарату рәсімін жүзеге асыру тәртібі мен мерзімі ол туралы Ережемен айқындалады.

17 - бап. Осы Жарлықты жүзеге асыру жөніндегі шаралар

1. Осы Жарлық күшіне енгенге дейін құрылған еркін экономикалық аймақтар олар бойынша осы Жарлықтың 5-бабының 1-тармағына сәйкес шешім қабылданғанға дейін өз мәртебесін сақтайды.

2. Осы Жарлықтың 6-бабының ережелері жаңадан құрылған арнайы экономикалық аймақтардың және олар бойынша осы баптың 1-тармағына сәйкес шешім қабылданған арнайы экономикалық аймақтардың аумағында қолданылады.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі үш ай мерзімде:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерін «Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына сәйкес келтірсін;

мемлекеттік органдардың, жұмыс істеп тұрған еркін экономикалық аймақтар Әкімшілік кеңестерінің осы Жарлыққа қайшы келетін нормативтік құқықтық актілерін қайта қарап, күшін жоюын қамтамасыз етсін;

оларды мүдделі мемлекеттік органдармен келісу тетігін қоса арнайы экономикалық аймақтар құру туралы ұсынымдар енгізу,

сондай-ақ тұжырымдама мен техника-экономикалық негіздеме ұсыну тәртібін бекітсін.

4. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

1) «Қазақ ССР-індегі еркін экономикалық аймақтар туралы» 1990 жылғы 30 қарашадағы Қазақ ССР-інің Заңы (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1990 ж., № 49, 455-күжат; Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., № 6, 116-күжат);

2) «Қазақ ССР-індегі еркін экономикалық аймақтар туралы» Қазақ ССР Заңын күшіне енгізу туралы» Қазақ ССР Жоғарғы Советінің 1990 жылғы 30 қарашадағы № 361—XII қаулысы (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1990 ж., № 49, 456-күжат);

3) «Жезқазған облысында Жәйрем-Атасу еркін экономикалық аймағын құру туралы» Қазақ ССР Жоғарғы Советінің 1991 жылғы 18 маусымдағы № 678—XII қаулысы (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1991 ж., № 26, 331-күжат);

4) «Талдықорған облысында Алакөл, Жаркент еркін экономикалық аймақтарын құру және Талдықорған қаласында «Талдықурганвнештранс» кәсіпорны негізінде еркін экономикалық кіші аймақ құру туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1992 жылғы 11 қаңтардағы № 1114—XII қаулысы (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., № 4, 67-күжат);

5) «Лисаков еркін экономикалық аймағын құру туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1992 жылғы 30 маусымдағы № 1467—XII қаулысы (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., № 13—14, 347-күжат).

18 - б а п. Осы Жарлықтың күшіне ену тәртібі

Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Н. НАЗАРБАЕВ

Алматы қаласы, 1996 жылғы 26 қаңтар.
№ 2823

ЖАРЛЫҒЫ

Заң күші бар

180 Қазақстан Республикасының кейбір заң актілері мен Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар жарлықтарына өзгерту және толықтырулар енгізу туралы

«Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы» 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабына сәйкес және «Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығының шығарылуына байланысты қаулы етемін:

1. Мына Қазақстан Республикасының Заңдарына және Қазақстан Республикасы Заң күші бар Жарлықтарына өзгерту мен толықтырулар енгізілсін:

1. «Қазақстан Республикасының бюджет жүйесі туралы» 1991 жылғы 17 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Ведомостары, 1991 ж., № 51, 624-күжат) мынадай мазмұндағы 2—1-баппен толықтырылсын:

«2—1 - б а п. Заңның арнайы экономикалық аймақ аумағында қолданылу ерекшеліктері

Осы Заң арнайы экономикалық аймақта арнайы экономикалық аймақтар туралы заңға қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады».

2. «Қазақстан Республикасының жергілікті өкілді және атқарушы органдары туралы» 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., № 23—24, 516-күжат) мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«Осы Заң арнайы экономикалық аймақта арнайы экономикалық аймақтар туралы заңға қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады».

3. «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заң күші бар № 2198 Жарлығының 4-бабы (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 3—4, 35-күжат) мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Арнайы экономикалық аймақ аумағында құрылған заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді, сондай-ақ олардың филиалда-

ры мен өкілдіктерін есепке алу тіркеуін тікелей арнайы экономикалық аймақ аумағында Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің уәкілді органы жүргізеді».

4. «Салық және бюджетке басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 24 сәуірдегі Заң күші бар № 2235 Жарлығының 2-бабы (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 6, 43-құжат; № 12, 88-құжат) мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

«4. Арнайы экономикалық аймақтар бойынша жалпы мемлекеттік және жергілікті салықтар мен алымдар арнайы экономикалық аймақтар туралы заңда белгіленген тәртіппен арнайы экономикалық аймақтың қаржы қорының (бюджетінің) кірісіне түседі».

5. «Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы». Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 20 шілдедегі Заң күші бар № 2368 Жарлығының 3-бабы (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 13):

мынадай мазмұндағы жаңа үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«Арнайы экономикалық аймақ аумағында еркін кеден аймағы режимі қолданылады. Осындай арнайы экономикалық аймақ құру тәртібі арнайы экономикалық аймақтар туралы заңмен белгіленеді»;

үшінші бөлік төртінші бөлік болып саналсын.

II. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Н. НАЗАРБАЕВ

Алматы, 1996 жылғы 26 қаңтар.
№ 2824

ЖАРЛЫҒЫ

Заң күші бар

181 «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы

«Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы» 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабына сәйкес, Ақмола қаласын абаттандыру және оны дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау үшін инвестициялар тарту мақсатында қаулы етемін:

1. «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 24 сәуірдегі Заң күші бар № 2235 Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 6, № 43-құжат) мынадай өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 34-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 2) тармақшамен толықтырылсын:

«2) Ақмола қаласында тіркелген және құрылыспен шұғылданып отырған шетелдік немесе шетелдің қатысуымен құрылған ұйымдарды қоса алғанда, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін ұйымдар, құрылысқа байланысты қызметінің кезеңіне, бірақ бес жылдан аспайтын мерзімге»;

2), 3), 4), 5) тармақшалар тиісінше 3), 4), 5), 6) тармақшалар болып саналсын.

2. 123-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы 7 тармақшамен толықтырылсын:

«7) Ақмола қаласында құрылыспен шұғылданатын, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін заңды тұлғалар, құрылысқа байланысты қызметінің кезеңіне, бірақ бес жылдан аспайтын мерзімге»;

7), 8) тармақшалар тиісінше 8), 9) тармақшалар болып саналсын.

3. 134-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

«4) Ақмола қаласында құрылыспен шұғылданатын, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін заңды тұлғалар, құ-

рылысқа байланысты қызметінің кезеңіне, бірақ бес жылдан аспайтын мерзімге босатылады».

II. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Н. НАЗАРБАЕВ

Алматы, 1996 жылғы 26 қаңтар.
№ 2827

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК
ЕЛТАҢБАСЫ**

(түрлі-түсті бейнесі)

ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ГЕРБ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

(цветное изображение)



Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандары туралы» Конституциялық Заң күші бар Жарлығына (2-бап)

Қ О С Ы М Ш А

П Р И Л О Ж Е Н И Е


к Указу Президента Республики Казахстан, имеющий силу Конституционного Закона «О государственных символах Республики Казахстан» (ст. 2)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ЕЛТАҢБАСЫ

(ак-қара бейнесі)

ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ГЕРБ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

(черно-белое изображение)



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ЖАЛАУЫ

ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ФЛАГ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Бет жағы — лицевая сторона



Сырт жағы — оборотная сторона



Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандары туралы» Конституциялық Заң күші бар Жарлығына (2-бап)

Қ О С Ы М Ш А


П Р И Л О Ж Е Н И Е

к Указу Президента Республики Казахстан, имеющий силу Конституционного Закона «О государственных символах Республики Казахстан» (ст. 2)

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жалауының
пішіндік бейнесі

Схематическое изображение Государственного флага
Республики Казахстан

Бет жағы — лицевая сторона



Сырт жағы — оборотная сторона



Музыка М. Тулебаева, Е. Брусиловского, Л. Хамиди.

Торжественно. Распевно.

Жар-ал-ған на-мыс-тан қа-һар-ман ха-лық-
пыз, А-зат-тық жо-лын-да жа-лын-дан жа-нып-пыз. Тағ-дыр-
дың те-зі-нен, то-зақ-тың ө-зі-нен. А-ман-
сау қа-лып-пыз, а-ман-сау қа-лып-пыз. Ер-кін-

дік қы-ра-ны, ша-рық-та, Ел-дік-ке ша-қы-

ff

рып тір-лік-те! А-лып-тың қу-а-ты — ха-лық-

1. 2.
та. Ха-лық-тың қу-а-ты — бір-лік-

3. *rit.*
те! Ар-дақ-//тың қу-а-ты — бір-лік-те! *rit.* *ff*

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік гимні

Сөзі: Мұзафар ӘЛІМБАЕВ, Қадыр МЫРЗАЛИЕВ,
Тұманбай МОЛДАҒАЛИЕВ, Жадыра ДӘРІБАЕВА.

Әні: Мұқан ТӨЛЕБАЕВ, Евгений БРУСИЛОВСКИЙ,
Латиф ХАМИДИ.

Жаралған намыстан қаһарман халықпыз,
Азаттық жолында жалындап жаныппыз.
Тағдырдың тезінен, тозақтың өзінен.
Аман-сау қалыппыз, аман-сау қалыппыз.

Қайырмасы: Еркіндік қыраны, шарықта,
Елдікке шақырып тірлікте!
Алыптың қуаты — халықта.
Халықтың қуаты — бірлікте!

Ардақтап анасын, құрметтеп данасын,
Бауырға басқанбыз баршаның баласын.
Татулық достықтың киелі бесігі —
Мейірбан Ұлы Отан, қазақтың даласы!

Қайырмасы: Еркіндік қыраны, шарықта,
Елдікке шақырып тірлікте!
Алыптың қуаты — халықта.
Халықтың қуаты — бірлікте!

Талайды өткердік, өткенге салауат,
Келешек ғажайып, келешек ғаламат!
Ар-ождан, ана тіл, өнеге-салтымыз.
Ерлік те, елдік те ұрпаққа аманат!

Қайырмасы. Еркіндік қыраны, шарықта,
Елдікке шақырып тірлікте!
Алыптың қуаты — халықта.
Халықтың қуаты — бірлікте!

Подстрочный перевод текста

Государственного гимна Республики Казахстан

Музафар АЛИМБАЕВ, Кадыр МЫРЗАЛИЕВ,
Туманбай МОЛДАГАЛИЕВ, Жадыра ДАРИБАЕВА.

Мы — народ свободный, дети чести,
На пути к свободе жертвовали всем.
Из тисков-испытаний судьбы, из адских огней
Вышли победителями, мы уцелели.

Припев: Пары ввысь, орел свободы,
Призывая к единению!
Сила-мощь героя — в народе.
Сила-мощь народа — в сплоченности!

Уважая матерей, чтя гениев народов,
В годину лихолетья мы распахнули свои объятия всем.
Казахская степь — любимая Родина,
Святая колыбель дружбы и солидарности!

Припев: Пары ввысь, орел свободы,
Призывая к единению!
Сила-мощь героя — в народе.
Сила-мощь народа — в сплоченности!

Мы многое пережили. Пусть прошлое послужит уроком.
Верим мы в светлое, прекрасное будущее.
Все самое святое: честь, достоинство, родная речь,
Традиция, мужество и державность —
Мы передаем, как наказ, будущему поколению!

Припев: Пары ввысь, орел свободы,
Призывая к единению!
Сила-мощь героя — в народе.
Сила-мощь народа — в сплоченности!

ВЕДОМОСТИ

ПАРЛАМЕНТА

РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН



Издается с 20 ноября
1938 года

№ 1 (2218)
26 января 1996 года

СОДЕРЖАНИЕ

УКАЗЫ ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН,

имеющие силу Закона

175. О внесении изменения в Закон Республики Казахстан «О местных представительных и исполнительных органах Республики Казахстан».
176. О мерах по упорядочению социальных государственных гарантий.
177. О внесении изменений и дополнений в Кодекс Казахской ССР об административных правонарушениях.
178. О государственных символах Республики Казахстан.
179. О специальных экономических зонах в Республике Казахстан.
